


"Қош келдіңіздер!"



Дауыссыз дыбыстардың түрлері

Сызықтық дыбыстар



Сабақтың мақсаты:

БІЛІМДІЛІК:

-Бұрынғы өтілген материалдармен сабақты байланыстыру,сөз жасау, сөйлемдерді дұрыс құру тәсілдерін меңгерту, дауыссыз дыбыстардан алған білімдерін шыңдау;

ТӘРБИЕЛІК:

- Орындатылатын тапсырмалар мен жаттығулар арқылы жақсылыққа, ізгілікке тәрбиелеу, тіл күдіретін сезіне білуге, сөз мағынасын келістіре отырып, оларды дұрыс қолданып, дәл түсінуге тәрбиелеу.

ДАМУШЫЛЫҚ:

- Ойлау, пайымдау қабілеттерін дамыту; Сөйлеу шеберлігіне, ой ұшқырлығына баулу; Түрлі әдістерді пайдалана отырып оқушылардың тапқырлық, жылдамдық, есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөйлеу тілін жетілдіріп, сауатты жазуға дағдыландыру;

Сабақтың түрі : Жаңа сабақ

Сабақтың әдіс-тәсілдері :

сұрақ – жауап, топпен жұмыс, талдау,
жаттығу орындау, ойлау, дәлелдеу.



Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру бөлімі
2. Үй тапсырмасын тексеру
3. Қызықты ойындар мен тапсырмалар арқылы білімді пысықтау
4. Сабақты қорытындылау
5. Үйге тапсырма беру
6. Бағалау



Үй тапсырмасын тексеру

**262-жаттығу. Мына сөздерге
көрсетілген жұп
дауыссыздардың тиістісін
жазындар**



Сабақтың эпиграфы:

Құдіретті жасай бер, анам тілі,
Өзің барда ғажап – ақ ғалам
күллі.

Шабыт құйып, сән беріп сендік
қуат

Жол көрсетіп, әрлейді әрбір
күнді.

**Қызықты ойындар мен
тапсырмалар арқылы білімді
пысықтау**

I. Тур – “Суреттер сөйлейді”



* Суреттерді оқиға желісі бойынша рет-ретімен орналастырып, сол бойынша әңгімелендер

Дауыссыз дыбыстар өз ішінен үн мен салдырдың қатысына қарай 3 топқа бөлінеді.

Қатаң
дауыссыздар тек
салдырдан
жасалады : *п, т,
с, ш, к, қ, х, ф, ц,
ч, щ, һ*

Ұяң
дауыссыздарда
үннен гөрі
салдыр басым :
б, в, д, ж, з, г, ғ

Үнді
дауыссыздар
да салдырдан
гөрі үн басым
: *л, м, н, ң, р,
й, /у/.*

**Оқулықпен жұмыс:
264-жаттығу. Мәтінді
көшіріп, қатаң
дауыссыздардың астын - бір,
ұяң дауыссыздардың астын -
екі, үнді дауыссыздардың
астын ирек сызықпен
сызыңдар**

***265-жаттығу. Қарамен жазылған
сөздердің ішінен қатан
дауыссызға, ұяң дауыссызға
және үнді дауыссызға аяқталған
түбір сөздерді үш бағанға бөліп
жазыңдар.**

***II. Тур - «Әзіл жұмбақ
ойыны»***
(жұмбақтар шешу.)

**Егер Ж –дан басталса, жыл мезгілі,
Қ-дан басталса, онда ол күс белгілі.
Ол қай сөздер?**

**К-ден басталсам,
Маған қарап сабақ айтады.
П-дан басталсам,
Маған балалар жүгін артады**

«КІМ ЖҮЙРІК?» ойыны. Көңілді шумақтар

*«УА!»-десіп отырар
Кейде үлкендер білсеңдер.
«УА!»-дан тағы сөз туар,
Кері оқып көрсеңдер.
«...!» болады ол сөзің
Екі әріптен тұрады-
Көріп жүрген күнде өзің
Балықшының құралы.*

*«...»-сүйікті тамағың,
Теріс оқып қарағын:
Кейде ұйқыда көретін
«...» боп шығар жаңағын.*

*Көп қой ыдыс түрлері,
«...» деген және бар.
Көп жүк артып жүреді,
«...» - күшті жануар.*

*Оңға қарай оқысаң,
ҚАМЫТ-әбзел бұйымың.
Солға қарай оқысаң,
“...” — қысқы киімің.*

1 - БІР

Же1 екен 1қазан:

Кей1 жемді 1қазан

1-ақ сәтте қойды жеп,

Кү1 етті:

«Тойдым», -деп.

Естіп 1 кез дү1ді,

Жағадағы тү1ді

Паналауға жүгірді.

2-ЕКІ

Баласына ж2ріп,

Ұрсып жатыр К2лік:

-2леніп с2ріп,

Алып қапсың «2лік».

2ншілей «2ңді»

Көрсетпе!-деп ж2ді.

К2рейіп баласы,


2ленбей таласып,

«Жоймасам ба 2мді!»

Деп б2нген с2лді.

III. Тур – “Сөйлем қалай дүниеге келеді”

(Сызба бойынша сөйлем құрастыру)



Бекіту бөлімі:

«Бағдаршам әлемі»

Үйге тапсырма :

1. Сөзжұмбақ, ребустар құрастыру.
2. 267 – жаттығу.

Бағалау

Сау болыңыздар!



©KAGAYA

<http://www.hoshinavi.com/>